

**NEWS**

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 6, Number 298 (2014), 212 – 220

## LITERARY HERITAGE OF POET ТОКТАГУЛА IS A SPIRITUAL VALUE OF TURKIC PEOPLES

T. S. Tebegenov

Kazakh national pedagogical university named after Abai, Almaty, Kazakhstan

**Key words:** spiritual treasures, art of word, heritage, traditions, poets, poetry, descendants.

**Abstract.** Heritage of art of word is a well of priceless treasure of turkic people. The traditional poetry of akynov brought up an artistically-aesthetic world view for descendants, people saved verbal work, during centuries passed to the generations these priceless creations. Creations of poets of ancient, medieval history of turkic people, three-copec Piece of Horde, Моголстана, Kazakh khanates, modern states (Turkish Republic, Republic of Kazakhstan, Republic of Uzbekistan, Kyrgyz Republic, Republic of Turkmenistan, Republic of Azerbaijan) equally with world artistic masterpieces included in the treasure-house of world culture.

ӘОЖ 573.72

## ТОҚТАҒҰЛ АҚЫННЫҢ ӘДЕБИ МҰРАСЫ – ТҮРКІ ӨРКЕНИЕТІНІҢ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚ ҚАЗЫНАСЫ

T. С. Тебегенов

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

**Тірек сөздер:** рухани құндылық, сөз өнері, мұра, дәстүр, ақын, поэзия, ұрпактар.

**Аннотация.** Түркі өркениетінің рухани құндылық қазынасы – сөз өнері мұралары. Дәстүрлі ақындар поэзиясының ұрпактардың көркемдік-эстетикалық дуниетанымын қалыптастырған, дамытқан ұлағы ғасырлар бойы халықтардың сакталу негізі болып келеді. Түркі халықтарының ежелгі, орта ғасырлар және Алтын Орда, Моголстан, Қазақ хандығы, қазіргі заманғы дербес мемлекеттік құрылымдар (Түркия Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Өзбекстан Республикасы, Туркменстан Республикасы, Әзірбайжан Республикасы) дәүірлеріндегі дәстүрлі ақын-жырауларының мұралары әлемдік әдеби үдеріс тұтастығымен бағаланады.

Қазақстан Республикасының Президенті, Ұлт Көшбасшысы – Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың түркі халықтарының ғасырлар бойы ұмытылмай, сакталып келген рухани дүниетаным сабактастығы арқылы қазіргі және болашактағы жаңа буын ұрпактардың қалыптасуына байланысты пікірі бәріміздің бағдарымызға алынып отыр:

«Қазіргі ғаламдану үдерісі, халықаралық қарым-қатынастар өрісінің ашылуы, соның ішінде ғылыми ақпараттық қеңістіктің қеңеюі – көптеген көкейкесті күрделі проблемаларды бірлесіп шешуді талап ететін мәлім.

Бұл ретте түркі өркениетінің тексті де терен тамырлы тарихы мен тәлтума мәдениетін биік парасат үдесінен терен таразылаудың, оны кейінгі ұрпақтың сана-сезіміне сінірудің, олардың бойына ешкімнен кем түспейтін тарихының барына, яғни кемел келешегінің барына деген сенімді дарытудың, сол арқылы отанышлдық сезімін тәрбиелеудің біз үшін маңызы да, мәні де ерекше» [1, 11-12-бб.]

Қырғыз халқының дәстүрлі ақындар поэзиясы да жалпытүркілік және әлемдік әдеби дамудың шығармашылық қозғалысы аясында даралана байқалады. Ақындардың азаматтық-отаншылдық ойлары өздерінің туған Отанына, атамекені Қырғыз Еліне арналған перзенттік махаббат сезімімен жырланған. Қырғыз елінің географиялық қеңістігіндегі Алатау атырабын, Ыстықкөлді, ауылдарын, ағайынын азаматтық-отаншылдық, жауынгерлік-қаһармандық дәстүрлерін өмір бойы ардақтаған ұрпактарының ұлттық ұстанымын ақындарының үздіксіз жырлағанын білеміз.

Токтағұл Сатылғанов (1864–1933) – XIX ғасырдың соңғы ширегі мен XX ғасырдың алағашкы отыз жылы кезеңіндегі қырғыз поэзиясының көрнекті ақыны. Ақынның әдеби мұрасы қырғыз поэзиясының азаматтық-философиялық сарынды халықтық-эстетикалық ұстаным түрғысында жырлануымен ұрпактар жүргінен орын алған. Дәстүрлі ақындар поэзиясының ұрпактарды тәрбие-лейтін дидактикалық-педагогикалық, философиялық-психологиялық сарынды ықпалды қызмет арқылы сөз өнерінің мәнгілікке жалғасатын ұлафаты танылады. Токтағұл шығармашылығын құрайтын суырыпсалма (импровизация) ақындығы, орындаушы қомузшылығы, күйші-композиторлығы, әншілігі-жыршылығы – қырғыз және туысқан түркі халықтарының ата-бабалық дәстүрлі өнердің қуатты, көрнекті көрсеткіші.

Ақын поэзиясындағы азаматтық-отаншылдық сарынды лирикалық өлеңдері айрықша саралана көрінеді. Ақынның шығармашылық ғұмырнамасы туған Отаны Қырғыз Еліндегі және Ресей отаршылдары мен жергілікті билеушілердің (бай-манаптардың, ишан-қалпелердің) жазалауымен Сібірде айдауда болған кезеңдерден құралған. Өмірінің соңғы онжылдықтарын Қырғыз Елінің Кенес заманындағы жаңаңықтарының ортасында өткізген. Соңдықтан ақынның азаматтық-отаншылдық сарынды жырларында туған Отанын – Қырғыз Елін, Алатауын, Ыстықкөлін, Таласын, туған мекені Кетмен-Төбесін сүйген, алыста жүргенде ансаған романтикалық әуендер үнемі басым жырланған. «Жерді көргенде», «Ансаған елім аман ба?», «Күнірене күй шалдым», «Елімді тауып тұрамын», «Жәрдем қылдың қалың ел», «Ардақты Талас қалың жұрт», «Сәлем бердім сағынып», т.б. жырларында туған топырағын, атамекенін шексіз перзенттік махаббатпен сүйген қырғыз халқының ұлттық жан ділі болмысын сезініміз. Он жыл бойы Сібірдің қалың ормандарында тұтқындық азапты көрген туған жерімен қауышқандығы тебіреністері әлем поэзиясындағы азаматтық лириканың поэтикалық табиғаты үндес сезіледі:

...«Ауылыма жетсем!» – деп,  
Аңсан кетіп барамын.  
Кетмен-Төбе жерімді  
Беттеп кетіп барамын  
...«Елге барып өлсем!» – деп,  
Тілеп кетіп барамын.

...Кетмен-Төбе, кенен сай,  
Аңсаған жерім көрінді.  
Токтата алмай бойымды  
Көнілім неше бөлінді.  
Сағынған жерді көргенде  
Көзімнің жасы төгілді.  
«Жерді көргенде» өлеңінен

Ақынның азаматтық сарынды жырларының бірқатары өзімен замандаш шығармашылық орталындағы тұлғаларға, өзі өнер жолына баулыған шәкірттеріне арналған. Ақындық өнердің халықтың рухани салауатты болуына қызмет етуін ұстанған тәлімгерлік- тәрбиешілік мұратын, өнердегі табиғи дарындылықтың, таланттылықтың эстетикалық мәнін, сөз бен саз тұтастығындағы шығармашылық өнер құдіретін, т.б. – бәрін де көркемдік ойлау дүниетанымы аясында жырлаған. «Қырғыздан талай жыршы өткен», «Токтағұл мен Қалықтың танысуы», «Токтағұлдың шәкірті Қалықты елге танытқаны», «Токтағұл мен Ешмәмбет», «Токтағұл мен Корғал», «Токтағұл мен Тоғолоқ Молда», «Токтағұл мен Барпы», «Токтағұл мен Алымқұл», «Токтағұл мен Шаршен», «Айдаралы жорғалақ», т.б. өлеңдерінде түркі халықтарының ежелші ата-бабалар қалыптастырған өнернамалық дәстүрін жалғастыра дамтықанын танымыз.

Туған халқының ұрпактарды азаматтық-отаншылдық, жауынгерлік-қаһармандық рухпен тәрбиелеуінде ғасырлар бойы үздіксіз жалғасқан ақындық пен жыршылық өнер тұтастығының тәлім-герлік-тәрбиешілік қуатын дәріптеген. «Қырғыздан талай жыршы өткен» толғауында бұрынғы соңғы ақын-жыршыларды, жомықшыларды (Солтабай, Тыныбек, Балықауыз-Бекмұрат, Найманбай, Музооке, Есенаман, Шонды, Көшубай, Сартбай, Нұрмолда, Оразалы, Бекназар, Ешмәмбет, Женіжкоқ, Құрман, Жаңабай, т.б.) атайды, көркемдік дәстүрді үзбей жалғастырған халық талантарының өнегелі жолын мадақтайды:

Қырғыздан неше жыршы өткен,  
Талайы мұнды күй шерткен.  
Бірінің жолын бірі алып  
Бара-бара күшеткен.  
...Біз секілді олар да,  
Бірінен бірі үлгі алған .

Тоқтағұл ақынның азаматтық ұстанымдағы сыншыл сарынды өлеңдері («Арзыматқа», «Бес қабан», «Ишан қалпе», «Дүниекор ишан», «Еселбай», «Тоқтағұлдың төрелерге жырлағаны», «Қош, елім», «Келер мен екен кең заман», «Тоқтағұлдың Нәкен ақынды қорлаган Қарамырзаны жөнге салғаны», «Манабыңмен жерге кір!» т.б.) тұрмыстық-элеуметтік қарым-қатынастар жүйесіндегі жеке адамдардың қарапайым халыққа жасаған озбырылқтарын, зұлымдық-жауыздық іс-эрекеттепін айыптайды. Бұл – қырғыз және әлем халықтарының көрнекті қайраткер ақындары поэзиясындағы классикалық дәстүрү.

Ақынның бірқатар өлеңдерінде («Қындық түсті басыма», «Айналған таудың бүркіті», «Еліме қашан жетемін?», «Тұтқын жыры», «Тұтқындағы армман», «Бос қой біраз қолымды», «Жолдас болма жаттарға!», «Қомуз жоқ шыдап тұрмадым», «Қашу», «Ағайын таптым орыстан», «Қашып келе жатқанда», «Көшеде өлер күнім бе?», «Қазақ жерінде», т.б.) жазықсыз жазаланып, Сібірге айдауда болған, құғын-сүргіннің азабын қөрген онжылдық қайғы-қасірет жырланған. Туған Отанынан айдалып бара жатқандағы, одан кейінгі Сібірдегі тұтқындық кезеңіндегі отаршылдардың корлау іс-эрекеттері, тұтқыннан қашуға көмектескен орыс достары (Харитон, Ермолай), қашып келе жатқан айлардағы қындықтары, Қазақ Елінен қөрген бауырмалдық-ағайындық қамқорлық пен қындық – бәрін де атальған жырларынан оқимыз. Ақынның сыншыл реалистік бағалауларынан қырғыз берендей қазақ халықтарының ортасындағы билік пен байлық иелеріне тән зорлықшылдық, озбырлық, қатыгездік іс-эрекеттер де айыпталған. Тоқтағұлдың өршіл рухын жоғалтпай, қашшама қындық көрсе де мойымай, курескерлікпен, қайсарлықпен өмір сүргенін жырлағаны – ұрпактарға тағылым:

... Төрені төре демеспін,  
Төбемнен басып ұрса да.  
Арқан салып мойныма  
Кара дарын құрса да.  
Қайран тілім жаңылмайды,  
Падишаң қарап тұрса да.

Қайыспаймын қындыққа  
Каптатып дария бұрса да.  
Бегінді бегім демеспін,  
Пешенемде тұрса да.  
Бас имеймін өлгенше  
Бетімді тіліп ұрса да.

Ана – әлем халықтарының фольклор мен әдебиет мұраларындағы көрнекті орын алатын тарихи-поэтикалық бейне. Тоқтағұлдың «Қош, апеке!», «Апекем, аман барсың ба?» атты арнаулы жырларында да, сонымен бірге, Сібірдегі онжылдық айдаудағы және қашып келе жатқандағы, елге оралғандағы туындыларында да анасының бейнесін, оған деген перзенттік махаббатын романтикалық-реалистік сарындар тұтастырындағы лирикалық-психологиялық көніл-күйімен тебірене толғаған. Перзентін жарық дүниеге әкелген аналарға ортақ тағдыр суретін көз алдымызға елестетеді:

Айналайын, апеке,  
Балапандай бакқансын.  
Ақ сүтінді емізіп  
Бауырыңа басып жатқансын  
Маған ұқсаған жалғызды  
Зарлап жүріп тапкансын  
«Қош, апеке!» олеңінен

Азаматтық сарынды өлеңдерінде үнемі анасын жеке тармақтарымен жыр арқауына алып отыратын ақынның «Апекем, аман барсың ба?» атты жырында да перзенттік сезім айрықша дараланған. Сексенге келсе де перзентіне деген аналық махаббатының оты лаулаған анасының бейнесін, оның жан ділі болмысын романтикалық-реалистік бейнелеулерімен өрнектеген:

...Алты арқар жұлдыз батқанша,  
Алты айналып емізген.  
«Анық ақын Тоқтағұл  
Кімнің ұлы?!!» дегізген.  
Жеті арқар жұлдыз батқанша,

«Іргелі жұрт та сайраған  
Кімнің ұлы?!!» дегізген.  
Айдалып келдім алыстан,  
Ақтауға ак сүт қарызынды.  
Әлділеп мені тыңайтқан  
Апакем, аман барсың ба?

Тоқтағұл ақын поэзиясының тұтас сипаты ойшылдық дүниетанымы аясында жырлануымен ерекшеленеді. Философиялық-дидактикалық сарынды өлеңдерінде («Бола ма?», «Боласың ақын», «Немене қызық?», «Насихат», «Өсиет», «Өнеге жырлары», «Нұсқалы жыр», «Терме», «Дүние сорлы», «Аққан су», т.б.) ойшыл ақын тіршілік қозғалыстары, құбылыстары, қаситеттері жүйесіндегі әрі үндескен, сабактасқан, сонымен бірге, қақтығысқан, тартысқан болмыс шындығын салыстыра, шендестьре жырлаған. Әлем ойшылдарының ғасырлар бойы сөз арқауына алып келе жатқан ағартушылық педагогикалық тұжырымдармен үндес Тоқтағұлдың адамзат ұрпақтарына ортақ тіршілік үндестіктері мен қарама-қайшылықтарын бейнелей жырлау арқылы қырғыз, түркі поэзиясының өркениет кеңістігіндегі гуманистік ұлағаты айқындалған.

Ақын фәни мен бақи дүние жалғастығындағы өткінші кезеңіндегі өмір шындығы қайшылықтарын, құбылыстарын сыншыл реализм рухымен жырлаған. «Дүние» атты өлеңіндегі риторикалық сұрақты («Опасы жоқ дүниенің түбіне қайсың жетерсің?!») қоя отырып, екі құбылыстың сабактасқан болмысындағы тіршілік қозғалысының шындығын поэтикалық баламалаулармен көркем бейнелеген:

Келерінде, дүние,  
Толысып тұрған Айдайсың.  
Кетерінде, дүние,  
Су жүрмеген сайдасың.  
Келерінде, дүние,  
Айыр өркеш лектейсін.  
Кетерінде, дүние,  
Тұлпар мінсен жетпейсін.  
Келерінде, дүние,  
Ак үйге салған әйнексін.

Кетерінде, дүние,  
Тұтқасы сынған шәйнексін.  
Келерінде, дүние,  
Ала қар жатқан бійксін.  
Кетерінде, дүние,  
Мергеннен қашқан киіксін  
Келерінде, дүние,  
Тасып аккан бұлақсын.  
Кетерінде, дүние,  
Желсіз өшкен шырақсын.  
Дүние шіркін осындей,  
Қолыңнан қашқан құсындей.

«Өмір» атты философиялық жырында романтикалық арманды аңсарлы сарыннымен тіршіліктегі жақсылық атаулының өткінші емес тұрақты болуын («Ат армас болсаши, жас қартаймас болсаши, қыз құбылмас болсаши, гүлдер солмас болсаши», «Шөп қурамас болсаши, көз мұнарланбас болсаши», «Қартайғанға жиырма бес қайта соғар болсаши», т.б.) аңсайтын адамзат арманын жүйелей жырлаған. Лирикалық толғаныстардың түйіні – адамзатқа ортақ фөнидің өткіншілігін дәлелдеу:

Өлкеге елім толсаши,  
Өмір өтпес болсаши.  
Жасқа ажал келмес болсаши,  
Жаксы адам өлмес болсаши.

Балалықта гүл жайнап,  
Балғын құстай толарсын.  
Қайран өмір өткен соң  
Қайырылып келмей қоярсын.

Тоқтағұл – өмір сұлулығының жыршысы. «Сәні келер ме?» атты философиялық өлеңінде тұлпардың жалы, қарттың асыл сөзі, жердің көк майасы белдің мынғырған малы, көлдің қаз, үйрекі, шөлдің саратаны, талдың бүрлегені, шалдың иегіндегі сақалы – бәрі де жаратылыс үлесімінің сәні екендігін дәйектей толғаған. Табиғаттағы заттар мен құбылыстар сабактасығына негізделген тіршілік келбеті сәнінің эстетикалық талғам талабына сәйкес көркемдік әлемін көз алдымызға әкеледі:

...Жайқалып егін өспесе,  
Жердің көркі бола ма?  
Көгерген мұзы болмаса,  
Өрдің көркі тола ма?  
Жұпары қоса өспесе,  
Жердің көркі бола ма?

Философиялық-дидактикалық өлеңдердің халықтық тәлім-тәрбие аясында тіршіліктері үндесстіктер мен қайшылыктар ортасындағы ұрпақтардың адамгершілік-имандылық рухымен қалыптастына ықпал ететін эстетикалық тағылымы маңызды орын алады. Тоқтағұлдың ойшылдық-ұстаздық ұстанымдағы жырлардың көркемдік түйіні – мағыналы, мазмұнды өмір сүру:

Денің сауда ерінбей,  
Бекерлікке берілмей,  
Ретіңменен жұмыс қыл,  
Еріншек, жалқау дегізбей.

...Жаксы азамат түрленіп,  
Жарқылдайды жаљындей.  
Өзін-өзі асырайды,  
Ұрылыққа мальінбай.  
Ұятын ойлар әр уақыт  
Жел сөзге шалынбай  
*«Насихат» өлеңінен.*

Бұл – ақынның ұрпақтарды тәрбиелейтін азаматтық тұғырды танытатын философиялық-дидактикалық өнегелі ұстаным көзқарасы.

Тоқтағұлдың әдеби мұрасындағы махабbat лирикасы сарынындағы жырлары («Күлипа, Күлжар-ғашық қызы», «Алымқан», «Күліп қойсан жарқылдап», «Ерке сары», «Насылқан», «Бақтықызы», «Гүлдеп ал», «Қызыл көйлек», «Ақылман сұлу жар болса», «Тотуя», т.б) да ұлттық-этнографиялық сипаттымен ерекшеленеді. Қырғыз аруларының он жақта жүрген жайнаған қызы кезі, балалық шақ пен бойжеткен кезеңі, ерге жар болу кезеңдерінің бөріне ортақ жан мен тән сұлулығы тұтастығын романтикалық-лирикалық сыршыл әуендермен толғаған. «Ақылман сұлу жар болса» жырындағы ұрпақтарды өрбітетін сұлу жардың ақылды келбеті, жан ділі әлемінің сұлулығы, қызы мен табиғат әсемдігінің үндестігі- көркемдік эстетикалық көркем кестелі мағыналы өрілімдермен әсерлі жырланған. Азаматтың мағыналы, мазмұнды өмір сүруі ақылды арумен бірге өткен тұрмысы екендігін сүреттей, бейнелей жырлаған. Сұлу қыздың ақылы, ажары мен табиғат құбылыстарының, көріністерінің өзара үндес сұлулықтары арасындағы адам сезіміне тән тұрмыстық қарым-қатынас эстетикасы ұлағаттымен ұғындырыла жырлаған:

Бұлбұл, тоты үн менен  
Сырласып сырын шешіссен,  
Бұралған сұлудың өзіменен.  
Жаз салқыны тұнменен  
Қызғалдақ қызыл гүлменен,  
Жаразтық өмір сүрілсе,  
Жарасқан сұлу қызбенен.

...Арғымық тұлпар болса екен,  
Астыңдағы мінгенің.  
Әйнектей сұлу жар болса,  
Өмірлік боп сүйгенің  
Өзгеше болар рахаты  
Отіп кетер дүниенің,  
Гүлден шөлге қайырылмай,  
Өмірің өтсе армансыз  
Сүйгеніңден айырылмай.

Ақындардың бір-бірімен дидарласуларының нәтижесінде олардың өзара пікірлесулері, сұхбаттарды түркі халықтарының сөз өнері тарихында өзіндік дәстүрлі өрнектерімен ерекшеленетіні мәлім. Әр алуан тақырыптар бойынша жырлап отырып сұхбаттасу – ақындар өнері болмысының шындығы. Қарапайым халықтың бас қосатын жиындарындағы (той (шілдехана, тұсаукесер, сұндеттеу, үйлену, қыз ұзату, т.б) жасау, ас беру) ақындардың жиналуында, бас қосуында өлеңмен өрілетін өнер сайыстарының болуы- дәстүрлі жағдай. Қырғыз, қазақ, қарақалпақ халықтарының дәстүрлі ақындар поэзиясындағы жырлап пікірлесулер танысу-сәлемдесу, дидарласу-сұхбаттасу, қағысу-қайымдасу, айтису-сайысу түрлерінде қалыптасқан. Түркі халықтарының сөз өнер мұраларының дәстүрлі ақындар шығармашылығы негізінде дамуында жыр сайыстарының алуан түрлілігі айрықша даралана байқалады.

Тоқтағұл ақынның осы саладағы жырлары да жүйелене ерекшеленеді: біріншісі- дидарласу-көрісу, танысу-сәлемдесу жырлары: «Ешмәмбеттің Тоқтағұлмен дидарласқандағы сәлемдесу», «Тоқтағұлдың Ешмәмбетке жауабы, «Балам жоқ», «Тоқтағұл мен Қалықтың танысуы», «Қалықтың Тоқтағұлмен алғаш сәлемдескені», «Тоқтағұлдың шәкірті Қалықты елге танытқаны», «Айдаралы жорғалақ», «Тоқтағұлдың Нәкен ақынды қорлаган Қарамырзаны жөнге салғаны», т.б.; екіншісі-сұрақ – жауап құрылымымен жырланған ғалым-сабақ айттысы: «Ақтүяқ: Тоқтағұл мен Ешмәмбеттің ғалым-сабақ айттысы», «Папы қалпе: Тоқтағұл мен Ешмәмбеттің ғалым-сабақ айттысы», «Тоқтағұл

мен Қорғал: ұстаз-шәкірт айтысы», т.б.; үшіншісі- ақындар айтысы: «Токтағұл мен Тоғолоқ Молда», « Токтағұл мен Алымқұл», «Токтағұл мен Шаршен», « Найманбай мен Токтағұл », т.б

Қырғыз ақындарының айтыстары – түркі өркенисті рухани құндылықтар жүйесіндегі өлең сөз берен әуездік-орындаушылық өнер тұтастығымен өрнектелетін шығармашылық даралық көрсеткіштері. Суырып салма ақындық пен жыршылық, қомузшылық орындаушылық өнер тұтастығымен тыңдаушыларның көз алдарында өмір шындығы суреттерін бейнелі сөздер, сөз тіркестері тізілген жыр жолдарының , екпінді әуендер мен саздардың түйдек-түйдек төгілу жағдайында орындалуы қырғыз ақындары айтыстарының эстетикалық әсерлілігін айқындайды. Токтағұлдың аталған дида尔斯у-сәлемдесу, таныстыру-арнау жырларында да, түре айтыстарында да ақындық өнердің азаматтық- отаншылдық тұғырнамасы, елшілік татулық, бірлік, ізгілік, қайырымдылық, еңбексүйгіштік, т.б адамгершілік қасиеттер дәріптеледі. Халықтың ауызбіршілігіне, адамдардың тең құқықтылығына нұқсан келтірген әділетсіздік, қатыгездік, озырылыш, дүниекорлық, сараптық, екіжүзділік, т.б жағымсыз мінез-құлық иелері сыншыл тілмен айыппалады.

«Ақтүяқ: Токтағұл мен Ешмәмбеттің ғалым-сабак айтысында» өзін Сібірге жазықсыз айдатып, тұлпары Ақтүяқты тартып алғып иеленіп жүрген Шайылда болсытын озырылышын, өктемдігін елдің алдында айыпташ жырлаған екі ақынның айтыстағы сыншыл жырларынан кейін ақырында атты Токтағұлға қайтарады. Айтыстың халық таразысына, сарабына ұсынылған қорытынды шумақтарын жырлаған Токтағұлдың қайсар мінезін айқын танимыз:

Аламан шоғыр қалың жұрт,  
Ақынның сөзін тыңдағын.  
Ақтүяқ кімнің малы еді?  
Аржағын өзің ойлағын.  
Ақтүяқ атта арыз тілегім,  
Алдыңа, халқым, жырладым  
Ақиқат қылыш тексертсөн,  
Ақтүяқты алмай тынбадым.

«Папы қалпе: Токтағұл мен Ешмәмбеттің ғалым-сабак айтысында» да Ислам дінінің қасиетті қағидаларын өздерінің қу құлқындарына ғана пайдаланып жүрген жалған «діндарлар» әшкере-ленген.

«Токтағұл мен Қорғал», «Токтағұл мен Тоғолоқ Молда», «Токтағұл мен Барпы», «Токтағұл мен Алымқұл» – өлең сөзбен ұстаз және шәкірттердің сұхбаттасуы үлгісіндегі туындылар. Токтағұл мен шәкірт ақындардың жырларымен дәстүрлі халық өнерін ұлықтаған табиги таланттардың иелерінің эстетикалық ұстанымдары даралана байқалады. Токтағұлдың шәкірт ақындардардың сөз өнерін ұстанған көркемдік-эстетикалық жолының халықта тағылым, өнеге болатын азаматтық, өнернамалық мұрат ұстанымына лайық болуын сыншылдық пен жырлаған:

Ақын болсан анық бол,  
Аузыңнан шекер төгілген.  
...Өнерің болса өрге шап  
Өрнегің елге жаарассын.  
Келіп қалсан өкystан,  
«Біздікіне қонаң деп»,  
Бір-бірімен талассын.  
Есіл өмір барында  
Елмен бірге дуылдай бер  
Әр үйлерде таң атын!  
«Токтағул мен Қорғал айтысынан»

Токтағұл мен Барпы айтысының екінші белгінде ұстаз берен шәкірттің өмір, тіршілік құбылыстарының сырларын түсіндіру тұрғысындағы философиялық тұжырымдары шешендік сөз сайысында төгіледі. Бұлайша шешендік толғаныстармен жауаптасуды ұстаз Токтағұл сынақ мақсатында қолданып шәкірті Барпының ақындық-шешендік тапқырлығын анықтау мақсатымен ұсынған:

...Ендігісін бөлек жырлайын,  
Ақындығының сыйнайын.  
Сөз түйінін шешпесен,  
Шешендігінді кім білед?  
Кереметің болмаса  
Шеберлігінді кім білед?

Ұстаз Тоқтағұлдың осылайша шешендік толғаныстарымен өмір сырларының үндестіктері, қайшылықтары туралы байыптауларына орайлас Барпыда пікір жарыс үлгісіндегі ойларын төгеді:

...Арқар менен құлжаның  
Оттар жерін кім білед?  
Табылмаған тұлпардың  
Токтар жерін кім білед?  
...Бұлбұлдың үнін есітпей  
Бұралып гүлдер ашылмайд.  
Бұрыннан қүйзеліс көп көрсे  
Мұндының үні басылмайд.

Осы айтыста Тоқтағұлдың жыр сайыс сынағына ұсынған мынандай сөздерді қолдана құрас-тыруы ұсынылады: «Біледі», «Алмайды», «Болмайды», «Тұрмайма?», «Жазылад». Сонымен бірге «Менен» қосымшасын тіркеп аяқтау үлгісіндегі кезектесетін сынак-сайысты да ұсынады. Шәкірт ақын Барпы ұстазы Тоқтағұлдың ұсынған сынактарының барлығында мағыналы тармақты шумақтармен орындаиды, ұстазының алғысын иеленеді.

Ақындар айтыстары – қарсылас ақындардың қоғамдық әлеуметтік ортадағы рухани кел-беттерін, адамгершілік қасиет болмысын айқындастырын сыншылдық көзқарастар көрсеткіштері. Өлең сөз өрнектерін құрастыратын табиги қабылеті болғанымен, өмір сүру ұстанымының тар өрістілігімен, дүнистанымының тайыздығымен ондай ақынсымақтар асқақ өр рухты халықшыл нағыз ақындармен сайыстарда өткір сыйның сойылына, соққысына ұшырайтыны мәлім. Тоқтағұл дәүлеттілерді мақтап, билік иелеріне жағымпазданып жүріп тапқан малына, дүние мүлкіне мастанған ақынсымақ Найманбайды өткір тілімен әшкерелеп, сынап жырлайды:

Манаптан басқа тілің жоқ,  
Қожадан басқа пірің жоқ.  
Сенің жырынды кім ұғар?  
Ендеше қылам жария,  
Ұғынындар, халайық!  
Қазы, қарта жегенін  
Қарқылдал мактап жырласа  
Қайсы ақынға лайық?

Түркі халықтарының ақындар айтыстарындағы қоғамдық-әлеуметтік қарым-қатынастардағы әділесіздікті, билік, байлық иелерінің және солардың сойылын соққан жағымпаздарды, жандай-шаптарды әшкерелеп сынай ғасырлар бойы жалғасып, біздің дәуірімізге ұласты. Тоқтағұлдың айтыстарындағы әділесіз тұлғаларды әшкерелеуі, жағымпаздарды сынайу қырғыз поэзиясының күрессекерлік сарынды қуатын кейінгі әдеби дәстүр жолына сабактастыруды.

Тоқтағұлдың музыкалық мұрасы – қырғыз халқы өнерінің ғасырлар бойы жинақталған рухани байлығының көрсеткіші. Лирикалық, философиялық-дидактикалық өлеңдері мен айтыстарында да қомуз сазы мен жыр мәтіндерін тұтастыра жырлау орындаушылығы жузеге асырылған. Қомуз әуездік аспабын қолымен шерту мен жыр мәтіндерін айту сөттеріндегі бет-әлпетіндегі мимикалық бейнеліліктері, көніл-қүйдің алуан түрлі сезім толғаныстарын танытатын құбылыстары, қомуз аспабын ұстаудағы әр түрлі мәнерлі қозғалыстары мәтіндердің композициялық құрылышындағы поэтикалық мағыналық ойларға сәйкес дауыс толқындарының бірде баяу, бірде орташа, бірде көтерінкі дауысталуы, т.б. – бәрі де қырғыз жыршылығы өнерінің психологиялық құрделі деңгейлі феномен болмысының сипатын құрайды. Қазіргі әдебиеттану терминологиясы жүйесінде қырғыз

жыршыларының (ырчыларының: Балық Құмарұлы, Женіжкоқ, Ешмөбет Байсейітұлы, Төленбай Ақынбеков, Тайқара Жұмаев, Сыдық Алайчиев, т.б.) сөз арқауындағы күрделі шығармашылық өнер болмысы айрықша бағаланады. Қырғыз халқының жыршылары (ырчылары) мен манасшыларының (манасчыларының: Келдібек, Сагымбай Оразбақов, Саяқбай Қаралаев, Молдобасан Мұсылманқұлов, т.б.) орындаушылық өнер тұтастығы сипатында ортақ үндестік бар. Манасшылар «Манас» атты жыр тармақтарының саны жарты миллионға жуық әлемдік сөз өнеріндегі алып дастанның бөліктегі орындауда мол мәтіндерді жадқа сактауды, сурыйсалма ақындық шеберлікті тұтастыруымен дараланған. Ал, ақын-ырчылар лирикалық және эпикалық туындыларын да әр түрлі мақамдармен, сарындармен құбылтып орындаған. Тоқтағұл шығармашылығындағы лирикалық өлеңдері мен күйлері де қомуз аспабымен қосыла орындалатын өлең-сөз және әуез-саз тұтастығындағы поэтикалық-музыкалық күрделілігімен жүзеге асырылған. Тоқтағұлдың күй әуендеріне бөлөнген поэзиялық туындылары тындаушы-қабылдаушы халықтың ыстық ықыласын иеленген. Ақын-композитордың осы саладағы шығармашылығын құрайтын «Қамбарқандары», «Кербездері», «Ботайлары», «Тоғыз қайырымы», қомузшылығы, әуенде-мақамды жырлары, қомузшы ұсташалығы, дастаншылығы т.б. әуенде-әуезді мұралары – қырғыздың музикалық қазынасы. Сонымен бірге, туысқан түркі халықтарының да рухани құндылықтар әлемін байытқан бағалы мұра болып саналады.

Фасырлар бойы Алатау атырабында катарлас өмір сүріп келе жатқан қырғыз және қазақ халықтарының рухани мәдениет саласындағы ынтымақтастығы, шығармашылық байланыстары үздіксіз жалғасып келеді. Қазақ поэзиясының бұрынғы-соңғы көрнекті тұлғаларының барлығы да туысқан қырғыз халқының ақындарының, жыршыларының (ырчыларының), манасшыларының, кейінгі толқын шығармашылық тұлғаларының әдеби мұраларына зор құрметпен қарап келеді.

Мысалы, қазақ поэзиясының алыбы Жамбыл Жабаевтың «Тоқтағұлға» [2, 49-б.], «Тоқтағұл», «Қырғыз ұлы», «Оспанқұлға» [3, 155-158-бб.], Кенен Әзірбаевтың «Қырғыз бауырыма», «Қырғыз достарыма», «Тоголок тойында» [4, 64-200-бб.] және көрнекті ақын Қадыр Мырзалиевтің «Қырғыз құшағында» [5, 345-374-бб.] және т.б. ақындарымыздың өлеңдерінде қырғыз ұлтының және оның көрнекті ақын-жазушыларының шығармашылығы туралы көркем ой тұжырымдары жырланып келеді. Мысалы, Жамбыл ақынның «Тоқтағұл» атты өлеңіндегі көркем кестелі бағалау өрнектері түркі өркениеті алыптарының бірі Тоқтағұл тұлғасының поэтикалық болмысын айқын елестетеді:

Жетелеп жұрт қиялын, ойды беゼп,  
Өшпестей жүрегіне құйған қайрат.  
Ерекше өзгелерден қылығы аскан,  
Жырына сөз асылын тізген сайлап.

...Тасындаи Тянь-Шаньнің бойы биік,  
Тоқтағұл – ерен биік жырдың шыңы.  
Сөздері сап алтындаі көзді тартып,  
Жарқырап жан балқытып тұрар нұры.

Топ жарған жұзден, мыңнан ел жүйрігі,  
Баураған ел жүрегін таң бұлбұлы.  
Өзінің бір бойына біткен ақын,  
Қырғызда күннің көркі сөздің гүлі.

...Бөлеген Алатудың ойын, қырын,  
Бакыттың жайнап тұрган көрем нұрын.  
Тең есекен сұнқар ұл мен нұрлы қызым,  
Солардың дүбірінен естіп тұрмын,  
Сайраған Тоқтағұлдың бұлбұл үнін.

Тыңдасақ кеше оның зарлы күйін,  
Тыңдаймыз бүтін, міне, нәрлі жырын.  
Ел сүйген ізгі нәрсе ісіз қалмас,  
Жалғаны бар ма айтшы, менің мұным.  
Ақынның құламайтын құмбезіне  
Осы жыр ескерткішке қойған гүлім! [3, 155-156-бб.]

Корыта айтқанда, қырғыз халқының көрнекті ақыны Тоқтағұл Сатылғановтың әдеби мұрасы әлем өркениеті кеңістігіндегі бүкіл түркі халықтарының ортақ дүниетанымын танытады. Адамзат үрпактарының баянды бейбітшілік, рухани келісім туы астындағы гуманизм ұлағаты халықтар тарихындағы осындаі кемел тұлғалар тағылымын мәңгілік ұлықтау арқылы сакталады.

## **ӘДЕБІЕТ**

- [1] Назарбаев Н.Ә. Құлтегін жайымының тұсаукесеріндегі сойлеген сөзі // Байырғы түркі өркениеті: Жазба ескерткіштер: Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары, Астана қ., 2001 жылғы 18-19 мамыр. – Алматы, 2001. – 584 б.; 9-12-бб.
- [2] Жабаев Ж. Екі томдық таңдамалы шығармалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 1996. – 1-т. – 312 б.
- [3] Жабаев Ж. Екі томдық таңдамалы шығармалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 1996. – 2-т. – 384 б.
- [4] Әзірбаев К. Екі томдық таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1984. – Т. 1: Өлең, терме толғаулар. – 360 б.
- [5] Мырзалиев Қ. Қыргыз құшагында // Мырзалиев Қ. Үш томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1989. – Т. 2: Домбыра. Алақан: Өлеңдер. – 432 б.; 345-374-бб.

## **REFERENCES**

- [1] Nazarbaev N.A'. Ku'ltegin jay'i'mi'n'i'ng tusawkeserindegi so'ylegen so'zi. Bayi'rghi' tu'rki o'rkeni"eti: Jazba eskertkishter: Qazaqstan Respwqli"kası' Ta'welsizdigining 10 ji'ldi'ghi'na arnalghan hali'qarali'q ghi'li'mi"-teori"yali'q konferenci"ya materi"aldari', Astana q., 2001 ji'lghi' 18-19 mami'r. Almati', 2001. 584 b.; 9-12-bb.
- [2] Jabaev J. Eki tomdi'q tangdamalı' shi'gharmalar ji"naghi'. Almatı': Ghi'li'm, 1996. 1-t. 312 b.
- [3] Jabaev J. Eki tomdi'q tangdamalı' shi'gharmalar ji"naghi'. Almatı': Ghi'li'm, 1996. 2-t. 384 b.
- [4] A'zirbaev K. Eki tomdi'q tangdamalı' shi'gharmalar. Almatı': Jazwshi', 1984. T. 1: O'leng, terme tolghawlar. –360 b.
- [5] Mırzali"ev Q. Qi'rghi'z qushaghi'nd. Mırzali"ev Q. U'sh tomdi'q shi'gharmalar ji"naghi'. Almatı': Jazwshi', 1989. T. 2: Dombı'ra. Alaqań: O'lengder. 432 b.; 345-374-bb.

## **ЛИТЕРАТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ ПОЭТА ТОКТАГУЛА – ДУХОВНАЯ ЦЕННОСТЬ ТЮРКСКИХ НАРОДОВ**

**Т. С. Тебегенов**

Казахский национальный педагогический университет им. Абая, Алматы, Казахстан

**Ключевые слова:** духовные сокровища, искусство слова, наследие, традиции, поэты, поэзия, потомки.

**Аннотация.** Наследие искусства слова – кладезь бесценного сокровища тюркских народов. Традиционная поэзия ақынов воспитывала у потомков художественно-эстетическое мировоззрение, народ сохранил устное творчество, на протяжении веков передавал поколениям эти бесценные творения. Творения поэтов древней, средневековой истории тюркских народов, Алтын Орды, Моголстана, Казахских ханств, современных государств (Турецкая Республика, Республика Казахстан, Республика Узбекистан, Кыргызская Республика, Республика Туркменистан, Республика Азербайджан) наравне с мировыми художественными шедеврами входят в сокровищницу мировой культуры.

*Поступила 12.11.2014г.*